

«Ә.Б отырысында қаралды №1

Ә.Б жетекшісі: А.Қыстаубаева

«27» маусым 2024 жыл

«Келісемін» *И.Оразғалиева*

МДОІЖО: И.Оразғалиева

«27» маусым 2024 жыл

«Бекітемін» *Е.Тұрғанғазин*

Мектеп директоры: Е.Тұрғанғазин

«27» маусым 2024 жыл

### ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Пәні: Қоршаған ортамен танысу

Топ/Сынып: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: (айды, жылды көрсету) Қыркүйек-Мамыр 2024-2025 оқу жылы

Тәрбиешісі: Омарова Кенжегуль Нурбаевна

2024-2025 оқу жылы

### ТҮСІНІКТЕМЕ

«Қоршаған ортамен танысу» оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген).

2. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 қыргүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген).

Жанартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

Бағдарлама «Қоршаған ортамен танысу» бөлімінің мақсаты мен міндеттерін анықтайды:

**Мақсаты:** ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауда, қоршаған ортамен таныстыру негізінде әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыру.

#### **Міндеттері:**

- жеке тұлғаның қоршаған ортаға қайырымдылық, бастамашылдық, дербестік, тәуелсіздік, әлеуметтік икемділік, мәдениетті және экологиялық сауаттылық секілді әлеуметтік қасиеттерін дамыту;
- құрдастары мен ересектердің арасындағы қарым-қатынастың жалпы қабылданған қарапайым нормалары мен ережелерін үйрету;
- өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі реттеудің қарапайым қабілеттерін тәрбиелеу.

ОӘК әзірлеу барысында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизмге тәрбиелеуге бағытталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы пайдаланылды.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамы:

1. Әдістемелік нұсқау

2. Жұмыс дәптері

4. Демонстрациялық материалдар Әдістемелік нұсқауда:

- ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары
- ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспарлары (18) берілген.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспарларын құрастырып жазу барысында:

- түсіндіру, көрнекі (әңгімелеу, көрнекі көрсету) әдістері, өзекті мәселе шешу, іздену; ойын, жаттығу, практикалық тапсырмалар;
- салыстырмалы талдау, салыстыру, іздену (өзекті сұрақтар, тапсырмаларды орындау: «Неге?», «Тап», «Түсіндір», «Сен қалай білдің?» т.б.);
- әр баламен жеке қарым-қатынас жүргізу;

- тұлғалық нәтиже, денсаулық сақтау, компьютерлік, ұйымдастырылған оқу қызметін технологияландыру, белсенділік орталығы т.б. педагогиканың әдіс-тәсілдері мен технологиялары қолданылды.

Ұйымдастырылған оқу қызметі үш кезеңнен тұрады:

- бірінші кезең – ұйымдастыру кезеңі (ұйымдастырылған оқу қызметіне эмоционалды жағымды қатынас қалыптастыру үшін қажет);

- екінші кезең – негізгі бөлім (ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағдарланған оқыту әдістері, тәсілдері мен құралдарын көздейді);
- үшінші кезең – рефлексия (ойын әдістері арқылы өзін-өзі бағалауды, ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындылауды қарастырады).

Бұл кезеңдер педагогке іс-әрекетті нақты жоспарлауға, әр кезең үшін тиісті әдістерді, дидактикалық материалдарды таңдауға, сонымен қатар оқу қызметінің соңында баладан төмендегідей нәтижені күтуге мүмкіндік береді:

- *орындайды/жасайды* – ұйымдастырушылық-ізденістік бөлімінде негізгі үйренді (танымдық аспект).
- *түсінеді* – мотивациялық-қозғаушылықты орнату (тәрбиелік аспект).
- *қолданады* – білім мен дағдыларды дамытады (дамытушылық аспект).

Осылайша оқу қызметі жоспарлары үйлесімді құрылымды көрсетеді, дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдер баланың қоршаған орта туралы білімін молайтады, Отанға, отбасына деген сезімдерін қалыптастырады, қоғамдық өмірдің құбылыстары туралы нақты білім береді, қоршаған ортамен негізделген қарым-қатынасты орнатып, «Мен» деген жеке тұлғаның қасиетін қалыптастырады.

Қоршаған ортамен танысу кезінде педагог мынаған басты назар аударғаны жөн:

- заттар, шынайы құбылыстар туралы бір сарынды әңгімемен ғана шектелмеуі тиіс, ұйымдастырылған оқу қызметіне қимыл-қозғалысты көбірек енгізген жөн (орындыққа, диванға отыру, киім кию, жүру, анасын шақыру, әжесіне көмектесу т.б.);
- балаларға тым көп сұрақ қоймау керек;
- балалармен жұмыс ұйымдастыруда тек танымдық ұйымдастырылған оқу қызметі түрін қолданбау керек.

Қоршаған ортамен танысу балалар үшін түсінікті және нәтижелі болуы үшін өзара іс-әрекеттің балама түрлері, әдіс-тәсілдері таңдала отырып; психологиялық ерекшелігіне сәйкес жүзеге асырылуы қажет. Мектепалды даярлық тобында қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған оқу қызметі және дидактикалық ойындар түрінде өткізіледі. Мұнда ойын ережесі балалардың өзара іс-әрекетін реттейді, ал тапсырманы дұрыс шешу ойынның мақсатына жетуді білдіреді. Ойын түріндегі ұйымдастырылған оқу қызметінде, дидактикалық ойындарды ұйымдастыруда әрбір балаға қоршаған ортаға деген өз белсенділігін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ахуал құрудың маңызы зор.

Әдістемелік нұсқау 5 жастан бастап балаларды қоршаған ортамен (айналадағы заттар және қоршаған әлем құбылыстары) таныстыру жұмысын табысты ұйымдастыруға және өткізуге көмектеседі. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы, ойын түріндегі ұйымдастырылған оқу қызметі немесе ойындар арқылы әрбір тақырыптың мазмұны ашылып берілген.

Жұмыс дәптеріндегі тапсырмалар балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырышып жасалды. Олардың зейіні, есте сақтау, сөйлеу, талдау, қорытынды жасау секілді қабілеттері дамиды. Суретті материалдар балаларды түсінуге түсінікті, танымдық іс-әрекетке қызығушылық тудырады.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Көршіге ортамен танысу.

Білім беру ұйымы: Сапақкөл орта мектебі

Топ/сынып: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы

| № | Тақырып  | Міндеті  | Сағат | Күні        |
|---|--|--|-------|-------------|
| 1 | Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері                            | Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.  | 1     | 3.09.2024   |
| 2 | Қыстап қалатын құстар және жыл құстары                         | Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.  | 1     | 6.09.2024   |
| 3 | Нан дастарқанға қалай келеді?                                  | Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу   | 1     | 10.09.2024. |
| 4 | Ауылдағы адам еңбегі   | Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау   | 1     | 13.09.2024  |
| 5 | Жанды және жансыз табиғат                                      | Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүнгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. | 1     | 17.09.2024  |
| 6 | Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістер | Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.   | 1     | 20.09.2024  |
| 7 | Заттар әлеміне саяхат  | Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.                              | 1     | 24.09.2024  |



|    |   |   |   |            |
|----|---|---|---|------------|
| 8  | Отбасындағы мерекелер мен дәстүрлер                       | Отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.   | 1 | 27.09.2024 |
| 9  | Оттың пайдасы мен зияны                                   | Неіні «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.   | 1 | 1.10.2024  |
| 10 | Ең жақын адамдар  | Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу.  | 1 | 4.10.2024  |
| 11 | Өсімдіктердің көбеюі                                      | Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.   | 1 | 7.10.2024  |
| 12 | Заттардың адам өміріндегі маңызы _ Заттар неден жасалады? | Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.   | 1 | 11.10.2024 |
| 13 | Менің мекенжайым  | Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.   | 1 | 15.10.2024 |
| 14 | Көшедегі қауіпсіздік                                      | Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.  | 1 | 18.10.2024 |
| 15 | Менің туған өлкем   | Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту   | 1 | 22.10.2024 |
| 16 | Менің Отаным-Қазақстан                                    | Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.   | 1 | 25.10.2024 |
| 17 | Ағаш, бұта және өсімдіктер                                | Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.   | 1 | 5.11.2024  |
| 18 | Ауаның қасиеттері   | «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам е | 1 | 8.11.2024  |
| 19 | Қазақстанда өсетін өсімдіктер                             | Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.  | 1 | 12.11.2024 |

|    |   |   |   |            |
|----|---|---|---|------------|
| 20 | Көлік   | Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну  | 1 | 15.11.2024 |
| 21 | Жеті ата  | Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу   | 1 | 19.11.2024 |
| 22 | Қазақстанда мекендейтін жануарлар               | Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру. | 1 | 22.11.2024 |
| 23 | Мен кезекшімін                                  | Кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу  | 1 | 26.11.2024 |
| 24 | Байланыс құралдары                              | Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.  | 1 | 29.11.2024 |
| 25 | Арнайы көліктер. Жүк және жолаушы көліктері     | Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну  | 1 | 3.12.2024  |
| 26 | Қазақстанның байлықтары мен жетістіктері        | Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсіну  | 1 | 6.12.2024  |
| 27 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері | Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.  | 1 | 10.12.2024 |
| 28 | Әдептілік-әдемілік                              | Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу   | 1 | 13.12.2024 |
| 29 | Су – тіршілік көзі                              | Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.  | 1 | 17.12.2024 |
| 30 | Өнеркәсіптегі адам еңбегі                       | Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.  | 1 | 20.12.2024 |

|    |  |  |   |       |
|----|--|--|---|-------|
| 31 | Жол белгілері                            | Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамонат, гироскутер, сипайға арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту | 1 | 24.12 |
| 32 | Біздің табиғаттағы достарымыз            | Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау                           | 1 | 27.12 |
| 33 | Әлем жануарлары                          | Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша табиғи-климаттық аймақтар (ак аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.  | 1 | 10.01 |
| 34 | Табиғаттағы маусымдық құбылыстар         | Табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.   | 1 | 14.01 |
| 35 | Кеністікті бағдарлау                     | Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.  | 1 | 17.01 |
| 36 | Қоректену тізбегі                        | Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жыуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.            | 1 | 21.01 |
| 37 | Жыл мезгілдері: қыс, көктем. Белгілері   | Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.  | 1 | 24.01 |
| 38 | Жаяу жүргіншілер ережелері               | «Жаяу жүргіншілер жолы» жол белгілерімен таныстыру   | 1 | 28.01 |
| 39 | Ұлттық ойындар                           | Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау  | 1 | 31.01 |
| 40 | Бөлме өсімдіктері және оларды күту       | Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.  | 1 | 4.02  |
| 41 | Төрт түлік                               | Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау                           | 1 | 7.02  |
| 42 | Жәндіктер әлемі                          | Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша жәндіктер, мекендеу орны, қозғалу тәсілі бойынша топтастыру  | 1 | 18.02 |
| 43 | Қазақстанның өзен-көлдеріндегі жануарлар | Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң) бойынша топтастыру.  | 1 | 21.02 |
| 44 | Табиғатта өзін-өзі                       | Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау  | 1 | 25.02 |



|    |   |  |   |       |
|----|---|--|---|-------|
| 45 | ұстау ережелері<br>Дәрілік өсімдіктер   | Өсімдіктердің ірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себет-сақдарлық байланыстарды ажырату   | 1 | 28.02 |
| 46 | Табиғатқа қауіп-қатер төнуде            | Табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.  | 1 | 4.03  |
| 47 | Алғашқы телефон                         | Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу  | 1 | 7.03  |
| 48 | Менің елімнің салт-дәстүрі              | Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту   | 1 | 11.03 |
| 49 | Менің елімнің салт-дәстүрі              | Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту   | 1 | 14.03 |
| 50 | Наурыз мерекесі                         | Мемлекеттік мерекелер Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу   | 1 | 18.03 |
| 51 | Біз – табиғаттың досымыз                | Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату | 1 | 1.04  |
| 52 | Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері | Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау  | 1 | 4.04  |
| 53 | Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері | Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау  | 1 | 8.04  |
| 54 | Қазақстан ғарышкерлері                  | Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.   | 1 | 11.04 |
| 55 | Компьютер әлемінде                      | Компьютер, галамтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.   | 1 | 15.04 |
| 56 | Біз – табиғаттың досымыз                | Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату | 1 | 18.04 |
| 57 | Біз – табиғаттың досымыз                | Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату | 1 | 22.04 |
| 58 | Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері | Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау  | 1 | 25.04 |
| 59 | Ынтымақ пен бірлік мерекесі             | Мемлекеттік мереке Қазақстан халқының бірлігі мерекесі маңыздылығын түсіну   | 1 | 29.04 |
| 60 | Әскери мамандықтар                      | Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну.  | 1 | 2.05  |



|    |   |  |   |       |
|----|---|--|---|-------|
| 61 | Ұлы Отан соғысы ардагерлері             | Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу. | 1 | 6.05  |
| 62 | Барлық мамандыққа жетерім аңызды        | Әртүрлі мамандықтардың еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсіну және бағалау.  | 1 | 9.05  |
| 63 | Адам – табиғаттың бір бөлігі            | Адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін білу   | 1 | 13.05 |
| 64 | Жас экологтер                           | Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау  | 1 | 16.05 |
| 65 | Ержүрек мамандық иелері                 | Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау   | 1 | 20.05 |
| 66 | Үйдегі және балабақшада ағы қауіпсіздік | Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда неболатынын балалармен талқылау   | 1 |       |
| 67 | Астана – басқала                        | Қазақстан Республикасының басқаласы – Астана, республикадағы қалалармен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту   | 1 | 23.05 |
| 68 | Жайлау. Киіз үйдің құрал-жабдығы        | Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу.  | 1 |       |